

ENRC пайдалы қазбаларды қазып алу және байыту саласында жетекші өртаптаңдырушы компаниялар тобы болып табылады, ол кен қазып алу, өңдеу, энергетика, көлік және маркетинг кәсіпорындарымен интеграцияланған.

Топтың өндірістік активтері негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан және құрамына келесі кәсіпорындар кіреді: «Қазхром» ТҰК, Жәйрем КБК, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССКӨБ), «Қазақстан алюминийі», Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Еуразиялық энергетика корпорациясы (ЕЭК), Шұбаркөл Көмір және ENRC Logistics.

Басқа активтер, ең алдымен Өзге түсті металдар бөлімшесі, негізінен Африкада орналасқан және оның ішінде Boss Mining, Camrose, Frontier, SMKK, Dezita, Chambishi Metals PLC мыс пен кобальт активтері, сонымен қатар көмір, марганец, боксит, платина және флюорит өндіру бойынша жобалар бар.

ENRC сондай-ақ Серов ферроқорытпа зауытына, Бразилиядағы темір рудасын барлау жөніндегі Bahia Minerals BV және Minerao Minas Bahia SA (MIBA) жобаларына, Оңтүстік Африкадағы платина өндіру бойынша көшбасшы болып табылатын Northam Platinum Limited-тің 13,5% акцияларына иелік етеді.

ENRC FTSE 100 тізіміне кіреді. ENRC-де қазіргі уақытта 75 000-нан астам адам жұмыс істейді, оның 69 000-ы Қазақстанда.

Феликс Вулис, Бас атқарушы директор:

“2012 жылы біз ферроқорытпалар, көмір және электр энергиясы бойынша IPO-дан бергі ең үлкен көлем өндірдік. Бұл Шұбаркөлде өндірілген 5,6 млн тоннаны қоспағанда. Темір кені бөлімшесі технологиялық мәселелерге қарамастан, соңғы 2,5 жылдағы ең үздік тоқсандық көрсеткішке қол жеткізді. Глинозем бөлімшесінде өндіріс көлемі төмендеді, оған өндірістік мәселелері себеп болды. 2012 жылдың төртінші тоқсанында мыс өндірісі электр энергиясының тоқтауына байланысты азайды, алайда 2011 жылмен салыстырғанда айтарлықтай өсті. Біздің болжамымыз бойынша, 2013 жылы жақсы өндірістік көрсеткіштерге қол жеткіземіз.”

2012 жылғы төртінші тоқсанның негізгі қырлары

2012 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі 3 айдың негізгі қырлары

- Ферроқорытпалар мен Темір кені бөлімшелері толық өндірістік қуат деңгейінде жұмыс істеді
- Энергетика бөлімшесі электр энергиясы, көмір және арнаулы кокс өндірісі бойынша толық өндірістік қуат деңгейінде жұмыс істеді
- Глинозем және алюминий бөлімшесі уақытша техникалық мәселелерге байланысты өндірістік қуат деңгейінен төмен дәрежеде жұмыс істеді. Техникалық ақаулар қалпына келтірілді.
- Өзге түсті металдар бөлімшесінде, өткен жылдың сәйкесінше мерзімімен салыстырғанда, тауарлы мыс өндірісі электр энергиясын және Camrose өндіретін мыс концентратын жеткізу бойынша ақауларға байланысты төмендеді.

2012 жылғы төртінші тоқсанның өндірістік көрсеткіштері

1 Ферроқорытпалар бөлімшесі

- Хром кенін қазып алу (қатарлы) – 1,184 млн тонна (Q4 11: 1,012 млн тонна, 17% ұлғаю)
- Тауарлы хром кенін өндіру – 995 мың тонна (Q4 11: 762 мың тонна, 30,6% ұлғаю)
- Марганец кенін қазып алу (қатарлы) – 600 мың тонна (Q4 11: 605 мың тонна, 0,8% төмен)
- Тауарлы марганец концентратын өндіру – 195 мың тонна (Q4 11: 197 мың тонна, 1% төмен)
- Барлық өндірілген феррохром – 344 мың тонна (Q4 11: 322 мың тонна, 6,8% ұлғаю)
- Барлық өндірілген ферроқорытпа – 448 мың тонна (Q4 11: 416 мың тонна, 7,7% ұлғаю)

2 Темір кені бөлімшесі

- Темір кенін қазып алу (қатарлы) – 10,986 млн тонна (Q4 11: 10,522 млн тонна, 4,4% ұлғаю)
- Бастапқы темір кені концентратын өндіру – 4,511 млн тонна (Q4 11: 4,224 млн тонна, 6,8% ұлғаю)
- Тауарлы темір кені концентратын өндіру – 2,473 млн тонна (Q4 11: 2,230 млн тонна, 10,9% ұлғаю)
- Тауарлы темір кенді шекемтас өндіру – 1,837 млн тонна (Q4 11: 1,644 млн тонна, 11,7% ұлғаю)

3 Глинозем және алюминий бөлімшесі

- Боксит қазып алу (қатарлы) – 1,173 млн тонна (Q4 11: 1,421 млн тонна, 17,5% төмен)
- Глинозем өндіру – 375 мың тонна (Q4 11: 428 мың тонна, 12,4% төмен)
- Алюминий өндіру – 62 мың тонна (Q4 11: 63 мың тонна, 1,6% төмен)

4 Энергетика бөлімшесі

- Көмір қазып алу (қатарлы) – 5,727 млн тонна (Q4 11: 5,673 млн тонна, 1% ұлғаю)
- Электр энергиясын өндіру – 3869 ГВт (Q4 11: 3932 ГВт, 1,6% төмен)

5 Өзге түсті металдар бөлімшесі

- Мыс кенін қазып алу (қатарлы) – 389 мың тонна (Q4 11: 420 мың тонна, 7,4% төмен)
- Тауарлы (катодты) мыс өндіру – 7 756 тонна (Q4 11: 8 080 тонна, 4% төмен)
- Кобальт кенін қазып алу (қатарлы) – 283 мың тонна (Q4 11: 325 мың тонна, 12,9% төмен)
- Металл мен концентраттағы кобальт – 2 042 тонна (Q4 11: 2 853 тонна, 28,4% төмен)

6 Логистика бөлімшесі

- Темір жол арқылы тасымалданған тауарлар тоннажы – 15,319 млн тонна (Q4 11: 14,869 млн тонна, 3% ұлғаю)

Күрделі шығындар бағдарламасы

2012 жылы күрделі шығындар келесі жобаларға бағытталды:

- Ферроқорытпалар бөлімшесі: Ақтөбедегі жаңа ферроқорытпа зауыты
- Темір кені бөлімшесі: ССКӨБ кен базасын кеңейту
- Глинозем және алюминий бөлімшесі: анод зауыты
- Өзге түсті металдар бөлімшесі: мыс өндірісін кеңейту
- Энергетика бөлімшесі: №6 энергия блогын қалпына келтіру
- Логистика бөлімшесі: вагон паркін кеңейту

Аналитиктердің соңғы пікірлері

Credit Suisse: 14.01.13

Нарықтан жоғары: қауіптер сақталады, өзгерістер алда

- Біздің компания туралы 2012 жылдың екінші жартысы бойынша ұстанымымыз компанияның кірісі, баланстық есебі мен M&A-ге байланысты болды. Біздің пайымдауымызша, қауіп шектеулі күйінде сақталады, 2013 жылы қайта қаралуы мүмкін. Компанияның сатып алу процессін аяқтағаны маңызды. Біздің болжамымызша, компания 2013-14 жылдары кері процессті бастауы мүмкін. Кіріс туралы болжамдар да шындыққа жақын. Болжам бойынша, 2013-14 жылдары маржа түзеледі.
- Компанияның акциялары 2014-15 жылдары активтер базасының үлкен бөлігінің дамушыдан өндіріушілердің санатына өткендіктен, кіріс өсу потенциялына әсер етуі мүмкін. Біздің болжамымызша, акцияларды қайта қарап, «нарықтан жоғары» деген деңгейге көтеретін кез келді.

Bank of America Merrill Lynch: 17.12.12

Сатып алу: топтың құрылымын оңтайландыру үшін үлес сатып алу = жағымды

- ENRC Camrose Resources компаниясындағы 49,5% үлеске 550 млн АҚШ долларын төлейтіндігі туралы хабарлады. Бұл әрекетті біз жағымды бағалаймыз, өйткені бұл басқарушы құрылымды жеңілдетіп, ENRC бақылауын консолидациялап, Camrose активтеріне экономикалық басымдық береді. Біз консолидацияланған активтерді өз болжамымызға қосып, NPV көрсеткішін +3% көтердік. Біз ENRC акцияларының «сатып алушылары» болып қала береміз. Компания акциялары 0.4x NPV деңгейінде сатылады.

Macquarie: 10.01.13

Нарықтан жоғары: тежегіш факторлар жылдың ортасына қарай азаяды

- ҚДР-дегі мыс активтерін біріктіргеннен соң, ENRC нақты әрі шынайы өсу стратегиясын жүзеге асыруды көздейді. Инвесторлар компанияның екіншіті нәтижелерінен шеккен зардаптары үшін көп жетістіктерді сұрайтын болады. Жаңа стратегияның өз мезгіліндегі орындалуы активтерге берілген бағалау дисконтын төмендетеді.
- Біздің болжамымызша, қарыздық келісімдер, еркін акциялар мен компанияның мыс өндірісі бойынша стратегиясының нақтылығы туралы қауіптер болуы мүмкін. Бұл компания акцияларына алдағы болашақта кедергі келтіруі ғажап емес. Жақында феррохром бағалары жаңаланады, ол жылдың соңына қарай акциялардың мақсатты құнын өсіруге септігін тигізеді.



Байланыс

ENRC Қазақстан (Астана):

Корпоративтік коммуникациялар
департаменті

+7 (7172) 592 153

+7 (7172) 592 152

press@kz.enrc.com

ENRC PLC (Лондон):

Юлия Кальчева

+44 (0) 20 7389 1861

julia.kalcheva@enrc.com

www.enrc.com

Стратегия



Төмен шығынды
өндірісті қолдау



Өндірістік қорлар мен
қуаттарды тұрақты
жетілдіру және өңдеу



Компания құндылығын
арттыру және өнімдер
ассортиментін
өртараптандыру
арқасында клиенттер
базасын кеңейту



Активтер портфелін
және табиғи ресурстар
саласында аймақтық
және әлемдік деңгейде
қатысуды
өртараптандыру



Еңбек қауіпсіздігі мен
денсаулықты қорғауға
жете ерекше назар
аударып,
корпоративтік және
әлеуметтік
жауапкершіліктің
жоғары стандарттарын
ұстану